



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## СЕКЦИЯ 9. СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

### Подсекция 9.1 Проблемы социально-гуманитарного образования на современном этапе модернизации общественного сознания

ӘӨЖ 032.115.078

#### **ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ АРҚЫЛЫ САУЫҚТЫРУ**

**Абильбаев Адильхан Серикбаевич**

[aas001122@mail.ru](mailto:aas001122@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2 курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі - Байменова Б.С.

Ерекше жағдайды қажет ететін балаларды дене шынықтыру жаттығулары арқылы сауықтыруда тәрбиелеу мен оқыту - күрделі әлеуметтік және педагогикалық мәселе. Бұл мәселелер осындай балаларды мүмкіншіліктеріне қарай, қоғамдық өмірге пайдалы, белсенді, өз беттерінше өмір сүре алатындай дайындау мақсатындағы негізгі сұрақтарды шешуге көмектеседі.

Дене тәрбиесі - ерекше жағдайды қажет ететін балаларды дене шынықтыру жаттығулары арқылы сауықтырудың, олардың иммунды жүйесінің қорғаныс қызметтерін арттырудың күшті факторы.

Іс-әрекет - жеке адамның негізгі әлеуметтік қызметі болғандықтан бұл ғылымда жан-жақты зертеу кеміс балалардың әлеуметтік бейімделуіне, жүйе мөлшерлерін, қоғамның мәнділігін және ережелерін саналы түрде меңгеруге, өмір жағдайы мен еңбекке баулуларына, бейімделуіне септігін тигізеді.

Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың дамуындағы кейбір жағымды беталыстарды да терістемейді, ол тәрбиелік жағдайдың сәйкестігіне байланысты және баланың қоршаған ортаға үйренуінің қортындысы болып табылады [1].

Қазіргі таңдағы мектепке дейінгі мекемелердегі оқу-тәрбие процесіне талдау жасасақ, төмендегідей жағдайды көруге болады, яғни бірде бір пән баланың көру анализаторын және ағзаның тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін бірде бір жүйені дамытпайды. Керісінше, оқыту процесінің белгілі бір дәрежесі бала денсаулығын төмендетеді, олардағы созылмалы аурулар санын ұлғайтады. Бұл жағдайда «Дене тәрбиесі» пәні оқушының денсаулығына басқа пәндер түсіретін жүктемеден қорғауға күш салады.

XX ғасырдың 20-30 жылдары алдыңғы қатарлы педагогтер М.М. Пистрактың, С.Т. Шацкийдің, А.С. Макаренконың педагогикалық ойларын іске асыру мақсатында әр түрлі тәжірибелік аяндар, мектептер, балалар колонияларын құрды, онда балалар дене тәрбиесімен күніне 1,5 сағаттан кем емес уақыт айналысты, яғни қозғалыс белсенділігінің қажетті оптимумына ие болды. Кейіннен В.А. Сухомлинский оқушыларымен табиғатта сабақтар жүргізді, В.Ф. Шаталовтың мектеп зертханасында дене тәрбиесінің сабақтары күнделікті жүріп отырды [2].

Қазіргі таңда дене тәрбиесі құралдары арқылы дамуында ақаулығы бар балаларды сауықтырудың көптеген педагогикалық технологиялары өңделген. Осындай технологиялардың бірі болып оқушының денсаулық және физикалық дамуын құжаттау табылады.

Мектепке дейінгі мекемелер тәжірибесінде бұл құжаттың болуы мынандай мәселелерді шешеді: баланың физикалық дайындығы, физикалық дамуы және денсаулығының негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер жинақталады, баланың ұзақ жылдар

бойғы денсаулық күйімен қозғалыс сферасының динамикасын бақылауға мүмкіндік береді, педагог-тәрбиешілерге, баланың ата-анасына түсінікті болады.

Психологтер, дәрігерлер, педагог мамандар талдау мен зерттеулердің нәтижесінде - балалар дамуына мінездеме береді. Содан соң, алғашқы ауытқулар мен соңғы ауытқулардың құрылысын тексереді, себептерін ашып, түзету жұмыстарын жүргізудің жолдарын анықтайды.

Осылайша, түзетудің бағдарламасына 2 негізгі процесс кіреді:

- ата-аналарға әртүрлі көмек ұйымдастыру;
- баламен мазмұнды-педагогикалық жұмыстар жүргізу.

Мазмұнды-педагогикалық жұмыстар баланың дамуын жылдамтатуға бағытталады.

Дамудың негізгі жолдары:

1. Дене тәрбиесі. Ой-өрісі артта қалған балалардың дене тәрбиесін дамыту, негізгі екі түрде болады:

- барлық мектепке дейінгі мекемелерге тән міндеттер;
- баланың денсаулығын нығайту;
- дене бітімінің үйлесімді дамуы, дұрыс отыру;
- қозғалудың дамуы;
- жүрек-тамыр, өкпе жүйесінің дамуы, организмді шынықтыру.

2. Денені шынықтырудағы ауытқулардан сақтау үшін арнаулы міндеттер:

- арнаулы жағдай жасау; жұқпалы аурулардан, суық тигеннен сақтау;
- түзету-қалпына келтіру шараларын жасау, ағзада екінші ауытқуды болдырмау.

Дене тәрбиесі күнделікті өмірде де, арнаулы сабақтарда да жүреді. Күн тәртібінде, балалардың денесін шынықтыруға бағытталған арнайы шаралар:

ұйқы мен тамақ, таңертеңгі жаттығулар, таза ауада жүру, шынығу, тазалық-гигиеналық шаралар.

Кез-келген ауытқулар, мысалы, шынықтыруды жасамау, таза ауада жүруді азайту - ақыл-ойдың жұмысын кемітеді.

1991 жылы «Ақыл-ойы артта қалған мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында» арнаулы дене шынықтыру сабақтары аптасына 3 рет өткізілуі керек деген.

Ой-өрісі дамымаған балалармен түзету-шынықтыру жұмысын жүргізгенде, қозғалу жылдамдығына көп көңіл бөлу керек. Бұған -таңертеңгі жаттықтырулар, әр түрлі ойындар кіреді. Таза ауада ойындар жүргізу, алдын-ала дене тәрбиесі сабақтарында үйретіледі. Сонымен қатар, дефектолог-маман қолдың моторикалық дамуына да көп көңіл бөледі. Дене тәрбиесінде негізгі тәрбиелік роль атқаратын - сабақтар. Сабақтарда жаттығулар, жалпы дамытатын жаттығулардың көбі арқаның еттерін, иықтың, аяқтың, дұрыс отырудың, тепе-теңдіктің дұрыс дамуына бағытталған. Міндетті түрде сабақтың басында және аяғында жүруге мән беріледі.

Қалыпты балалардан, ой-өрісі дамымаған балаларға жүргізілетін жаттығулардың айырмашылығы - бұларға өте қысқаша қимылдар жасатады.

Дене тәрбиесі сабақтары ақыл-ойы кем оқушыларындағы қозғалыс бұзылыстарын түзетудегі коррекциялық міндеттер толығымен қамтылатындай құрылуы қажет. Дене тәрбиесі сабақтарында қозғалыс бұзылыстарын түзету мақсатының орындалуымен қатар сауықтыру бағытындағы шараларда қарастырылғаны дұрыс, яғни кешенді бағытта жүргізілген әдістер тиімді болмақ.

Дене тәрбиесінің арнайы міндеттері таңертеңгілік жаттығуларда, физкультминуттарда, үзілістерде, дене тәрбиесі сабақтарында да жүзеге асырылып отырылуы қажет. Қозғалыс бұзылыстарын түзетуде тек қана дене тәрбиесі сабақтары арқылы жоғары нәтижеге жету мүмкін емес, себебі жоспар бойынша жүргізілетін дене тәрбиесі сабақтары баланың қозғалыс қажеттілігінің тек қана 10 – 12% ғана қанағаттандырады.

Осыған сәйкес, дене тәрбиесінің ролін арттыру мақсатында педагогтер және ата-аналар арасында ағартушылық жұмыстарын жүргізген жөн.

Қазіргі таңдағы экологиялық және әлеуметтік-экологиялық жағдайда бала ағзасын аурудан сақтандыратын күшті қорғаныс қажеттілігі туындап отыр, бұнда ерекше орынды дене тәрбиесі сабақтары алады. Себебі ол ағзадан әр түрлі зиянды заттарды шығаруға, зат алмасуды және тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін барлық жүйелер қызметтерін қалпына келтіруге көмектеседі.

Дене тәрбиесінің мұғалімі өзінің практикалық қызметінде баланың сақталған қозғалыс мүмкіндіктерімен бірге бұзылған қозғалыс мүмкіндіктерін де анықтай алуы тиіс. Ерекше жағдайды қажет ететін баланың қозғалыс сферасын бағалаған кезде сақталған қозғалыс мүмкіндіктерімен бірге бұзылған қозғалыс мүмкіндіктері де кездесуі мүмкін. Осы ерекшеліктерді, бұзылыс дәрежесін анықтау маңызды болып табылады, одан кейін ғана оларды түзету мақсатымен сақталған қозғалыс мүмкіндіктерін белсенді дамыта отырып сәйкес жаттығулар белгіленеді [1].

Мысалы, егер баланың тепе теңдік қызметі бұзылса, оны түзету үшін педагог сақталған қозғалыс мүмкіндіктерін анықтауы тиіс және оны дамыта отырып берілген бұзылысты түзету шараларын қолдануы қажет. Мүмкіндігінше, мұндай баланың табан бұлшық еттерін бірінші кезекте дамыту қажет, сонымен бірге аз салмақ түсіру негізінде динамикалық және статикалық әр түрлі жаттығуларды орындау арқылы тепе теңдік қызметін жетілдіру қажет, яғни тепе теңдік элементтерімен бірге түрлі қозғалыс ептілігін және дағдыны түзу керек.

Дене тәрбиесінің ғылыми-әдістемелік негізін құру кезінде арнайы (коррекциялық) мектеп оқушыларының негізгі ақауының құрылымымен бірге балалардың қозғалыс мүмкіндігін де ескерген дұрыс. Бұл аномальды даму құрылымындағы адамның психикалық қызметінің және жоғарғы жүйке жүйесінің дамуында қозғалыс анализаторының маңызды рөлімен анықталатын қозғалыс бұзылыстарының өзектілігінен шығады.

Осылайша, ұсақ моторикадағы қозғалыс бұзылыстары (қол саусақтарының жіңішке және нақты жіктелген қозғалыстары, кинестетикалық сезімталдық, жүру кезіндегі аяқтардың және қолдардың координациялық қозғалыстары) интеллект ақаулығының механизмдерімен бірге бас миы қыртысының талдау-синтездеу қызметінің бұзылуымен анықталады. Оның негізі болып қозғалыс- кинестетикалық анализаторының қыртыс аймақтарының органикалық патологиясы табылады [2].

Дене тәрбиесі сабақтары ақыл-ойы кем оқушыларындағы қозғалыс бұзылыстарын түзетудегі коррекциялық міндеттер толығымен қамтылатындай құрылуы қажет. Дене тәрбиесі сабақтарында қозғалыс бұзылыстарын түзету мақсатының орындалуымен қатар сауықтыру бағытындағы шараларда қарастырылғаны дұрыс, яғни кешенді бағытта жүргізілген әдістер тиімді болмақ.

Дене тәрбиесінің арнайы міндеттері таңертеңгілік жаттығуларда, физкультминуттарда, үзілістерде, дене тәрбиесі сабақтарында да жүзеге асырылып отырылуы қажет. Қозғалыс бұзылыстарын түзетуде тек қана дене тәрбиесі сабақтары арқылы жоғары нәтижеге жету мүмкін емес, себебі жоспар бойынша жүргізілетін дене тәрбиесі сабақтары баланың қозғалыс қажеттілігінің тек қана 10 – 12% ғана қанағаттандырады. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың қозғалыс тәжірибесінің болмауына байланысты оның жалпы психофизикалық дамуы тежеледі, себебі ол басқа балалармен қалыпты деңгейде қарым-қатынас жасамайды, олармен ойнай алмайды.

Іргелі тәжірибелік зерттеулермен 2002 жылы А.А. Дмитриев физикалық жаттығулардың оптимальды жүйесін қолданған кезде бас миы қыртысының зақымдалуы кезіндегі бұзылған қозғалыстарды түзету мүмкіндігі көрсетілген. Қозғалыс жаттығуларының тиімді жүйесі бұрынғы моторлы қозғалыстарды бұзып жаңа түрлерін өңдейді, онда ортаға деген жаңа қатынас пайда бола отырып, сол арқылы олардың түзілу процесі жеңілдейді.

Ерекше жағдайды қажет ететін балалардағы қозғалыс бұзылыстарын түзету жұмыстарын жүргізген кезде төмендегі маңызды жағдайды ескерген жөн. Оларда қарапайым қозғалыстарға қарағанда анағұрлым жоғары деңгейде саналылықты, қыртыс деңгейінде

реттелетін күрделі қозғалыс актілері зақымдалған. Сонымен бірге зерттеушілер осы категориядағы балалардың дамуында анағұрлым потенциалды мүмкіндіктері барлығын анықтаған.

Қазіргі өмір әлеуметтік саладағы шынайы өзгерістерсіз мүмкін емес, ал оның ең негізгі бағдары болып адам денсаулығының күйі табылады. Бұл, сірә, елдің өркениетін, тіршілікке қабілеттілігін анықтайтын факторларының бірі болуы мүмкін.

Адамның денсаулық күйі тұрмыс қалпына (50% дейін), тұқым қуалаушылыққа (15 - 20%), қоршаған ортаға (15 - 20%), медицинаға (15-20%) байланысты болатындығы белгілі. Сондықтан арнайы (коррекциялық) мекемелердің негізгі мақсаты - ерекше жағдайды қажет ететін балаларды сауықтырудың салауатты өмір салтын түзуде педагогикалық ұжымның барлық күш жігерін жұмылдыру болып табылады. Бұған өмір сүру, тамақтану, күн тәртібі, оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру жағдайлары және спортпен, дене тәрбиесі сабақтарымен айналасу жүйесі жатады.

Ерекше жағдайды қажет ететін балаларды дене шынықтыру жаттығулары арқылы сауықтыруда физикалық дамуын жетілдіру мақсатында арнайы педагогика мен психологияның, физиологияның және дене тәрбиесінің қазіргі таңдағы ғылыми жетістіктерін пайдалана отырып жүргізу қажет.

Мектепке дейінгі мекемелер мен арнайы (коррекциялық) мекемелердегі дене тәрбиесін жетілдіру негізінде төмендегідей ұстанымдарды қолдану қажет:

- ерекше жағдайды қажет ететін балалардың тұрмыс қалпына дене тәрбиесін ендіру, оларда денсаулық мәртебесін түзу;
- дене тәрбиесі құралдары арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту;
- ерекше жағдайды қажет ететін балалардың физикалық дамуын және денсаулығын жүйелік құжаттандыру, оның нәтижелерін барлық деңгейде талдау;
- педагогтердің және әкімшіліктің компьютерлік жүйені қолдануы;
- ерекше жағдайды қажет ететін балаларды физикалық дамытуда және денсаулықтарын сақтау сұрақтарында педагогтер мен ата-аналардың біріккен жұмысын жүргізу [3].

Дене тәрбиесі проблемаларын шешу жолдары болып ерекше жағдайды қажет ететін балалардың физикалық дамуын және денсаулығын жүйелік құжаттандыру, оның нәтижелерін барлық деңгейде талдау табылады. Қазіргі таңда дене тәрбиесі құралдары арқылы дамуында ақаулығы бар балаларды сауықтырудың көптеген педагогикалық технологиялары өңделген. Осындай технологиялардың бірі болып оқушының денсаулық және физикалық дамуын құжаттау болып есептеледі.

Сондықтан, дене тәрбиесі процесін ерекше жағдайды қажет ететін балаларды дене шынықтыру жаттығулары арқылы сауықтырудың жаттығуларды саналы түрде орындауына, яғни олардың шапшаңдықты, ырғақты, қозғалыс координациясын реттеуін жүзеге асыра отырып құру қажет. Балаларда қозғалыстарды бақылау және өзіндік бақылау тәсілдерін дамыту қажет, дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттерін орындауда мотивациялық факторларды қолданған жөн.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Игенбаева Б.Қ., Шабажанова С.Қ. Сабақтың дұрыс ұйымдастырылуы - бала денсаулығының кепілі. //12 жылдық білім, -2005.-N7, -72-74 б.
2. Қалиева С.А. Эксперименттік мектепте денсаулық сақтау педагогикасының идеяларын дамыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. //12жылдық білім, -2005.-N5, -41-43 б.
3. Сыздықова Ғ.С. Бала денсаулығына әсер етуші факторлардың әсері. //Қазіргі заман жағдайында денсаулық сақтаудың білім беру кеңістігін қалыптастыру. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. -Шымкент: Асқаралы, 2007, -296 б.